

**"Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарын басқару жүйесін құру туралы келісімді ратификациялау туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 сәуірдегі N 401 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарын басқару жүйесін құру туралы келісімді ратификациялау туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К.Мәсімов*

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарын басқару жүйесін құру туралы келісімді ратификациялау туралы

2007 жылғы 6 қазанда Душанбеде қол қойылған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарын басқару жүйесін құру туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарын басқару жүйесін құру туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына (бұдан әрі - Ұйым, ҰҚШҰ) мүше мемлекеттер, ұжымдық қауіпсіздіктің жүйесін одан әрі қалыптастыру жөніндегі күш-жігерді біріктіру қажеттілігіне сүйене отырып,

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарын басқару жүйесін (бұдан әрі - ҰҚШҰ күштері мен құралдарын басқару жүйесі) құру мақсатында,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар ҰҚШҰ күштері мен құралдарын басқару жүйесін құрады.

ҰҚШҰ күштері мен құралдарын басқару жүйесі Тараптардың ұлттық және ұжымдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделерінде әскерлердің (күштердің)

коалициялық (өңірлік) топтамасын басқарудың ұйымдық-техникалық негізін құрайтын өздері арасында функционалды түрде өзара байланысты басқару органдарының, басқару пункттері мен басқару құралдарының (байланыс жүйелерінің, автоматтандырылған басқару жүйелерінің, сондай-ақ арнайы жүйелердің) жиынтығын қ а м т и д ы .

ҰҚШҰ күштері мен құралдарын басқару жүйесі қорғаныс кеңістігінің бірлігін, жедел жабдықтау мен ұжымдық қауіпсіздік өңірлерінің (аудандарының) инфрақұрылымын ескере отырып, ұжымдық қауіпсіздік өңірлеріндегі (аудандарындағы) Тараптардың басқару жүйелерінің элементтерінде орналасады.

2-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін қолданылатын терминдер мынаны білдіреді:

"ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдары" - коалициялық (өңірлік) әскерлер (күштер) топтамалары және оларды басқару органдары, ұжымдық қауіпсіздік өңірлеріндегі (аудандарындағы) біріктірілген жүйелер топтамалары (ӘШҚК, барлау, басқару және басқалар), коалициялық (өңірлік) әскерлер (күштер) топтамаларын және біріктірілген әскери жүйелерді қалыптастыру жөніндегі жұмысты үйлестіру үшін ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің мемлекетаралық әскери басқару органы;

"басқару органдары" - әскерлер (күштер) топтамаларына және біріктірілген әскери жүйелерге басшылық жасау және басқару үшін тағайындалған әскери басқару о р г а н д а р ы н ы ң ж а л п ы а т а у ы ;

"басқару пункттері" - техникалық құралдармен арнайы жабдықталған және жарақтандырылған орындар, олардан коалициялық (өңірлік) әскерлер (күштер) топтамаларына және біріктірілген әскери жүйелерге басшылық жасау жүзеге а с ы р ы л а д ы ;

"байланыс жүйесі" - ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарын басқару үдерісінде ақпараттың барлық түрлерімен алмасуды қамтамасыз ету үшін құрылатын байланыс күштері мен құралдарын ұйымдық-техникалық біріктіру.

3-бап

ҰҚШҰ күштері мен құралдарын басқару жүйесі мынадай міндеттерді шешу үшін қ ұ р ы л а д ы :

Бейбіт және соғыс уақытында қазіргі заманғы алаңдатушылыққа және Тараптардың ұлттық және ұжымдық қауіпсіздігіне төнген қатерлерге барабар ден қою үшін Ұйымның ұжымдық қауіпсіздік жүйелерінің күштері мен құралдарының тиімді жұмыс і с т е у і н қ а м т а м а с ы з е т у ;

ұжымдық қауіпсіздік өңірінде (ауданында) қайта топтастыру және жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізу кезінде ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құ р а л д а р ы н о ң т а й л ы қ о л д а н у ;

жағдайдың кез келген шарттарында олардың міндеттерді белгіленген мерзімдерде табысты орындауы мақсатында коалициялық (өңірлік) әскерлер (күштер)

топтамаларын басқару органдарының Тараптардың қорғаныс министрліктерімен үздіксіз өзара іс-қимылды ұстау;
коалициялық (өңірлік) әскерлер (күштер) топтамаларының өңіраралық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
коалициялық (өңірлік) әскерлер (күштер) топтамаларын және біріктірілген әскери жүйелерін басқару органдарына жауынгерлік басқару белгілерін және хабардар етуді жеткізу.

4-бап

ҰҚШҰ күштері мен құралдарын басқару жүйесінің міндеттерін, күштері мен құралдарының құрамын ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі айқындайды; ҰҚШҰ күштері мен құралдарын басқару жүйесін құруды, дамытуды және жетілдіруді ҰҚШҰ Қорғаныс министрлерінің кеңесі ұйымдастырады және жүзеге асырады; коалициялық (өңірлік) әскерлер (күштер) топтамаларын басқару органдарының құрамын, жасақтау және өкілеттілік тәртібін ұжымдық қауіпсіздік өңірі Тарапының қорғаныс министрлері айқындайды.

5-бап

ҰҚШҰ ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарының құрамында ұжымдық қауіпсіздік өңірлеріндегі коалициялық (өңірлік) әскерлер (күштер) топтамаларын басқару жүйесі жұмыс істейді:

- ұжымдық қауіпсіздіктің Орталық Азия әскерлері топтамаларын басқару жүйесі (Тараптар арасындағы екіжақты және өңірлік келісімдер негізінде құрылады);
- ұжымдық қауіпсіздіктің Шығыс Еуропа әскерлері топтамаларын басқару жүйесі (Беларусь Республикасы және Ресей Федерациясы Одақтас мемлекет шеңберінде құрылады);
- ұжымдық қауіпсіздіктің Кавказ өңірі әскерлері топтамаларын басқару жүйесі (Армения Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы екіжақты келісімдер негізінде құрылады);

6-бап

ҰҚШҰ күштері мен құралдарын басқару жүйесін құрған және ол жұмыс істеген кезде Тараптар құпия ақпаратты қорғау жөніндегі өз нормативтік құқықтық актілеріне және Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымы шеңберіндегі Құпия ақпараттың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы 2004 жылғы 18 маусымдағы келісімнің ережелеріне сәйкес құпиялық режимді және құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті шараларды қабылдайды.

7-бап

Осы Келісім Тараптар қатысушысы болып табылатын басқа да халықаралық шарттардың ережелеріне қайшы келмейді.

8-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен рәсімделетін және осы Келісімнің 10-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9-бап

Осы Келісімді қолдану және талқылау кезінде Тараптар арасында туындайтын даулы мәселелер консультациялар және мүдделі Тараптардың келіссөздері жолымен шешіледі.

10-бап

Осы Келісім оған қол қойған Тараптар, оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы төртінші жазбаша хабарламаны депозитарий алған күнінен бастап күшіне енгізіледі.

Қажетті мемлекетішілік рәсімдерді кешіктіріп орындаған Тарап үшін осы Келісім депозитарийге тиісті жазбаша хабарлама тапсырған күнінен бастап күшіне енгізіледі.

11-бап

Әрбір Тарап осы Келісімнің күші уақытында туындайтын міндеттемелерді реттей отырып, шығу күніне дейін алты айдан кешіктірмей депозитарийге жазбаша хабарлама жолдай отырып, осы Келісімнен шыға алады.

200__жылғы "_____" _____ каласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Осы Келісімнің түпнұсқа данасы осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жолдайтын Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Хатшылығында сақталады.

Армения Республикасы үшін

Беларусь Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Тәжікстан Республикасы үшін

Өзбекстан Республикасы үшін